

Е. Маралбек* 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., Қазақстан
*e-mail: elahau@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МЕКТЕБІ: ҚАСЫМ ТЫНЫСТАНОВ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗ ҰАТТЫҚ ӘЛІПБИ

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы мен Қырғызстанның қоғам және мемлекет қайраткері, қырғыз тіл білімінің негізін қалаушы Қасым Тыныстановтың лингвистикалық мұрасы, оның ішінде әліпби, емле мәселесіне арналған ғылыми еңбектері салыстырыла талданады. Қасым Тыныстановты Ахмет Байтұрсынұлының лингвистикалық мектебінің өкілі ретінде қарастыра отырып, ХХ ғасыр басында Қасым Тыныстанов қалыптастырған қырғыз әліпбиі мен емлесіндегі Байтұрсынұлы идеясы, ғылыми теориясы анықталады. Зерттеуде Қасым Тыныстановтың 1924 жылы жарық көрген «Оқу кітабы» атты оқу құралы мен 1927 жылы жарық көрген «Оқу-жазу біл» атты еңбегі дереккөз ретінде алынып, арабграфиялы қырғыз әліпбиінің 1912-1924 және 1925-1928 жылдардағы екі кезеңі Байтұрсынұлының 1912-1922, 1923-1924, 1925-1929 жылдардағы әліпбилерімен және оның емле ережелерімен салыстыра талданады. Сондай-ақ Қасым Тыныстановтың латын әліпбиі туралы көзқарасы 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық 1-түркологиялық құрылтай материалдары негізінде баяндалады. Зерттеу нәтижесінде Қасым Тыныстанов әліпбиі мен қырғыз емлесінің Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі мен емлесіне ұқсастығы, Қасым Тыныстановтың Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің өкілі екені дәйекті талдау, түпнұсқа дереккөз материалдар арқылы дәлелденеді. Зерттеуге дереккөздері етілген материалдар, Қ. Тыныстановтың түпнұсқа еңбектері 2023 жылы РФ Москва қаласына жасалған ғылыми іссапар нәтижесінде жинақталды.

Түйін сөздер: А. Байтұрсынұлы, Қ. Тыныстанов, әліпби, емле, жазу.

Ү. Maralbek*

Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: elahau@mail.ru

Linguistic school of Akhmet Baitursynuly: Kasym Tynystanov and the kyrgyz national alphabet of the beginning of the XX century

The article compares the linguistic heritage of Akhmet Baitursynuly and the statesman of Kyrgyzstan, the founder of Kyrgyz linguistics Kasym Tynystanov, including their scientific works devoted to the problem of the alphabet and spelling. Considering Tynystanov as a representative of the Baitursynuly linguistic school, the idea and scientific theory of Baitursynuly about the Kyrgyz alphabet and spelling, formed by Tynystanov at the beginning of the twentieth century, is determined. The study took as a source K. Tynystanov's textbook "Book for Reading" (Oku kitabi), published in 1924, and the work "Be Able to read and Write" (Oku-zhazu bil), published in 1927, which analyzes two periods of the Arabic Kyrgyz alphabet of 1912-1924 and 1925-1928 and compares them with the alphabets of Baitursynuly of 1912-1922, 1923-1924, 1925-1929 and his spelling rules. Also presented is K. Tynystanov's view of the Latin alphabet based on the materials of the First All-Union Turkological Kurultai, held in Baku in 1926. As a result of the research, based on primary sources, the similarity of the alphabet and Kyrgyz spelling of K. Tynystanov with the alphabet and spelling of Akhmet Baitursynuly is proved, as well as the fact that K. Tynystanov is a representative of the linguistic school of A. Baitursynuly. Research sources and original works by K. Tynystanov were compiled in 2023 as a result of a scientific trip to Moscow, Russia.

Key words: A. Baitursynuly, K. Tynystanov, alphabet, spelling, writing.

Е. Маралбек

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова, г. Алматы, Казахстан
e-mail: elahau@mail.ru

**Лингвистическая школа Ахмета Байтурсынулы:
Касым Тыныстанов и кыргызский национальный алфавит
начала XX века**

В статье сравнивается лингвистическое наследие Ахмета Байтурсынулы и государственного деятеля Кыргызстана, основателя кыргызского языкознания Касыма Тыныстанова, в том числе их научные труды, посвященные проблеме алфавита и правописания. Рассматривая Тыныстанова как представителя лингвистической школы Байтурсынулы, определяется идея и научная теория Байтурсынулы о кыргызском алфавите и правописании, сформированных Тыныстановым в начале XX века. В исследовании в качестве источника были взяты учебное пособие К. Тыныстанова «Книга для чтения», опубликованное в 1924 году, и труд «Умей читать и писать», опубликованный в 1927 году, в котором анализируются два периода арабграфического кыргызского алфавита 1912-1924 и 1925-1928 годов и сравниваются с алфавитами Байтурсынулы 1912-1922, 1923-1924, 1925-1929 годов и его правилами правописания. Также представлен взгляд К. Тыныстанова на латиницу на основе материалов Всесоюзного 1-го тюркологического Курултая, состоявшегося в Баку в 1926 году. В результате исследования на основе первоисточников доказывается сходство алфавита и киргизской орфографии К. Тыныстанова с алфавитом и орфографией Ахмета Байтурсынулы, а также то, что К.Тыныстанов является представителем лингвистической школы А.Байтурсынулы. Источники исследований, оригинальные труды К.Тыныстанова были составлены в 2023 году в результате научной командировки в Москву, Россия.

Ключевые слова: А. Байтурсынулы, К. Тыныстанов, алфавит, орфография, письмо.

Кіріспе

Қазақ тіл білімі ғылым ретінде XX ғасыр басында реформатор ғалым Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты қалыптасып, оның ғылыми-лингвистикалық мектебі арқылы дамығаны белгілі. Аталған лингвистикалық мектеп Қазақстан аумағында ғана емес, көршілес түркі халықтарына да ықпал етіп, ұлттық тіл білімі мен тілші ғалымдар тобының қалыптасуына негіз болды.

Ахмет Байтұрсынұлының лингвистикалық мектебі туралы қазақ тіл білімінде жиі айтылады. Бірақ ол қандай мектеп, оның өкілдері кім, ол қандай лингвистикалық идеяны өзек етіп, қандай кеңістікте дамыды, әлемдік тіл білімінің қандай мәселелерін шешті, бұл туралы нақты дәлелдермен дәйектелген терең талдаулар, ғылыми тұжырымдар жеткілікті деңгейде ұсынылмай келді. Сондықтан А. Байтұрсынұлының ғалымдық тұлғасын, лингвистикалық идеясының өміршеңдігін ашуда бұл – маңызды міндет.

Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің қазақ тіл біліміндегі ірі өкілі, басты тұлғаларының бірі ретінде біз бұған дейін Елдес Омарұлының лингвистикалық мұрасы және оның А. Байтұрсынұлымен сабақтастығы туралы ғылыми мақалалар жариялағанбыз (Маралбек Е., 2022). Бұл ретте ғалым лингвистикалық мектебінің кеңістігін бауырлас түркі елдері шегінде өрістетіп,

қырғыз тіл біліміндегі орны мен үлесіне тоқталмақпыз.

Қырғыз ұлттық әліпбиі мен ғылыми тілінің қалыптасуына Қ. Тыныстановтың рөлі ерекше болғаны белгілі. Бірақ Қ. Тыныстановтың тіл білімі саласындағы зерттеу еңбектеріне А. Байтұрсынұлының лингвистикалық мұрасы негіз, ғылыми дереккөз болғаны қазақ тіл білімінде де, қырғыз тіл білімінде толыққанды ашылмай, жүйелі зерттелмей келеді, тіптен мұндай еңбектер де жоқ деуге болады.

Қасым Тыныстанов (1901-1937) – Қырғыз АКСР Халық ағарту комиссары міндетін атқарған мемлекет қайраткері, алғашқы қырғыз ұлттық әліпбиінің авторы, қырғыздың білім беру саласына өлшеусіз үлес қосқан ағартушы, ақын, публицист, ғылым қайраткері. Ол 1924 жылы Байтұрсынұлы әліпбиі негізінде Қырғыз әліппесінің алғашқы нұсқасын дайындады, бұл – оның ғылыми-ағартушылық ғұмырындағы ізашар еңбегі (Тыныстанов, 1924). Осыдан кейін ғалым қырғыз білім беру саласында, ғылым майданында тоқтаусыз еңбек етті. 1926 жылы Әзербайжанның Баку қаласында өткен Бүкілодақтық 1-түркологиялық құрылтайға Түркістан АКСР Қырғыз автономиялы облысы атынан Б.Даниярұровпен бірге қатысып, Съезд президиумынан орын алды (президиумға 131 ресми делегаттың ішінен 22 адам сайланған) және латын әліпбиі туралы баяндама жасады (ПВТС, 291-293).

Ғалым бауырлас қырғыз халқын сауаттандыру жолында аянбай еңбек етіп, көптеген оқулықтар жазды. Олардың көпшілігі Еліміздегі сирек кітап қорлары мен мұрағаттарда сақталмаған. Сондықтан да болса керек, А. Байтұрсынұлы мен Қ. Тыныстановтың лингвистикалық мұрасын салыстыра зерттелген еңбектер жоқ.

Материал мен әдістер

Қ. Тыныстанов еңбектерінің көп бөлігі Мәскеуде, Ленин атындағы мемлекеттік кітапхана (РГБ) қорында сақталған. Аталған қордан біз ғалымның онға жуық кітаптарының суреткөшірмесін елге жеткіздік. Олардың қатарында: «Оқу кітабы» (Тыныстанов, 1924: 92), «Оқу-жазу біл» (Тыныстанов, 1927: 48), «Ене тілі» (Тыныстанов, 1928: 57) «Жаңа ауыл» (Тыныстанов, 1929: 74), «Қырғыз әдеби тілі жаңа емлесінің жобасы» (Тыныстанов, 1934:44), «Қырғыз тілінің морфологиясы» (Тыныстанов, 1934: 82), «Қырғыз тілінің синтаксисі» (Тыныстанов, 1936: 138), «Терминдер» (Тойшыұлы, Тыныстанов, 1933: 111) еңбектері бар. Ленин атындағы мемлекеттік кітапханадан ғалымның тіл білімі саласындағы еңбектерінің ғана көшірмесі алынды. Өзге еңбектері мен құжаттары індетте зерттеу жүргізсе, әлі де табылатыны анық. Аталған еңбектер Қ. Тыныстановтың ғылыми-лингвистикалық танымын, қырғыз тіл білімінің қалыптасуына ықпалын, А. Байтұрсынұлының лингвистикалық мұрасымен байланысын ашуға жеткілікті дереккөз бола алады.

Қ. Тыныстановтың А. Байтұрсынұлы шәкірті екені қазақ және қырғыз тіл білімінде жиі айтылғанымен, лингвистикалық мұрасы салыстырылған нақты талдау еңбектер жарық көрмей келді. Біз алдағы зерттеулерімізде екі ғалымның тіл білімі саласындағы байланысын, ғылыми-методикалық сабақтастығын анықтауды мақсат етіп отырмыз.

Ол үшін Тыныстановтың жоғарыда аталған еңбектерін дереккөз ретінде пайдалана отырып, төмендегі мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу қажет:

1. А. Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі мен Қ. Тыныстановтың қырғыз әліпбиіндегі дыбыс, таңба, емле, пунктуация туралы тұжырымдарының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау;

2. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Тыныстанов оқулықтарының (оқу құралдары) құрылымы, мазмұны, жүйесін салыстыру;

3. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Тыныстановтың лингвистикалық мұрасындағы барлық тіл білімі терминдерін салыстыру;

4. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Тыныстановтың лингвистикалық еңбектеріндегі фонетика, морфология, синтаксис салалары бойынша теориялық байланыс, сабақтастық, жалғастықты анықтау;

5. Қ. Тыныстановтың латын әліпбиі жайлы ұстанымдары, т.б.

Аталған мәселелер әлденеше мақала көлемінде ізденісті қажет ететіндіктен, бұл мақалада әліпби, емле мәселесі арнайы қарастырылады.

Орта Азияда тіл білімі ғылым ретінде қалыптасуы А.Байтұрсынұлы есімімен байланысты, сондықтан тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, рухани құндылықтары, тілі, тарихы тамырлас қырғыз халқының XX ғасыр басындағы жазу мәдениеті туралы сөз еткенде, Байтұрсынұлына соқпай өту мүмкін емес. Қ.Тыныстановтың А. Байтұрсынұлы шәкірті екені де – қазақ-қырғыз ғалымдары бірдей мойындайтын шындық. Бұл ғалымдар мұрасын салыстыра зерттеуді қажет етеді. Сондықтан зерттеудің барлық кезеңінде салыстырмалы-тарихи әдісті қолданылады. Сондай-ақ қазіргі тілдік деректер арқылы талдау кезінде сипаттамалы әдіс және құрылымдық әдістер қатар қолданылады. Емле ережелердің мәнін, әліпби құрамын талдау, өзара салыстыру үшін жүйелеу, топтастыру, кестеге түсіру тәсілдері жұмсалды.

Әдебиеттерге шолу

Қ. Тыныстанов лингвистикалық мұрасының мәнін ашу, қырғыз әліпбиі мен емлесінің ғылыми-теориялық негізін анықтауда А.Байтұрсынұлының жазу мәселесіне арналған еңбектері ғылыми дереккөз болады. Бұл ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» 1-тілтанитқыш кітаптың 1914-1927 жылдардағы басылымдары (Байтұрсынұлы, 1914), (Байтұрсынұлы, 1918), (Байтұрсынұлы, 1923), (Байтұрсынұлы, 1924), (Байтұрсынұлы, 1925), (Байтұрсынұлы, 1927) маңызды. Сондай-ақ 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің стенографиясы (QBTS: 1924) мен 1923 жылғы Қаз АКСР Білім кеңесі қабылдаған 13 баптан тұратын «Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер» (ҚЖЕ, 1923) зерттеуімізге ғылыми дереккөз бола алады.

Нәтижелер мен талқылау

Қ. Тыныстановтың алғашқы оқу құралы 1924 жылы «Оқу кітебі» деген атпен Ташкентте жарық көрді. Кітаптың алғы сөзінде қырғыз мектептерінде оқу құралы жоқ, аса зәру болып отырғандықтан, еңбек бір ай ішінде дайындалғанын айтылады. Алғы сөз соңында: «Бұл кітап ескі қырғыз емлесімен жазылып қалып, баспаханада теріліп, даяр болып қалғандықтан, қайтадан жаңа емлемен көшіруге мүмкін болмады. Мұғалімдерімізден қазіргі жаңа емлеге сүйеніп, осы кездегі жаңа емле бойынша түзетіп оқытуларын һәм оқуларын өтінеміз», – деген ескерту беріледі. Мұнда «ескі қырғыз емлесі» деп отырғаны – Байтұрсынұлының 1912-1922 жылдардағы «өтпелі кезең емлесі». Бұлай деуіміздің себебі, 1925 жылға дейін қазіргі Қырғызстан территориясы Түркістан автономиялы кеңестің социалистік республикасына (ТАКСР) қараған Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының құрамында болып, оқу, білім беру, әкімшілік салаларында Қаз АКСР-мен тығыз байланыста, қазақ зиялыларымен етене жақын рухани қарым-қатынаста болды. Әсіресе мектеп оқулықтарын дайындау, жазу жүйесін реттеуде қазақ зиялыларының еңбектерін пайдаланды және тікелей қабылдап, тәжірибеде қолданып отырды.

Біздің мақсатымыз – қырғыз жазуының тарихын қазақ жазу тарихымен салыстыру емес, Қ. Тыныстановтың лингвистикалық мұрасынан Байтұрсынұлының лингвистикалық мектебі идеяларын анықтау. Бұл үшін Қ. Тыныстановтың 1924 жыл жарық көрген алғашқы лингвистикалық еңбегі – «Оқу кітабында» (Хрестоматия) қолданылған алфавит пен емлені Байтұрсынұлының 1924 жылға дейінгі әліпби және емлесімен салыстырайық:

«Оқу кітабында» қырғыз алфавиті берілмеген. Дегенмен, баспа мәтіндерде қолданылған қаріптер арқылы 1924 жылдарға дейін қолданылған қырғыз әліпбиін түзуге әбден болады (1-сурет).

Кестеде көрсетілген «Байтұрсынұлы әліпбиі» мен «Қырғыз әліпбиін» салыстырып қарағанда, 95% сәйкестікті көруге болады (сәйкессіздік жасыл түспен белгіленді). Қазақтар мен қырғыздар, тіпті өзге түркі халықтары Байтұрсынұлының әліпби реформасына дейін қадім, жәдит әліпбиін қолданғанын, аталған әліпбилердің таңбалық құрамы кестедегі әліпбиден өзгеше екенін назарға алсақ, бауырлас қырғыз халқы да 1912 жылдардан кейін «Байтұрсынұлы әліпбиін» қолданғанына анық көз жеткізуге

болады. Тұжырымымызды одан сайын дәйектей түсу үшін әліпби құрамына талдау жасап қарайық.

1912-1922 жылдар аралығын қамтитын А.Байтұрсынұлының өтпелі кезең әліпбиінде 24 дыбыс, 22 қаріп болды. Бұл дыбыстардың ішінде [й], [у]-ға жеке таңба арналмай, [ы], [ү] дыбыстарының қаріптерімен таңбаланды, сондықтан қаріп саны дыбыстан аз, тек – 22 қаріп. Бұған қосымша «↔» дәйекші, «~» мэт, «!» сүйеу таяқ деп аталатын үш белгіні қосқанда, 25 таңба бар. Ал 1923-жылы, кезекті емле реформасы кезінде Байтұрсынұлы әліпбиінің құрамы төрт кірме дыбыс [ф], [һ], [ч], [х] қаріптерімен және [й], [у] дыбыстарына арнаған жеке екі таңбамен көбейіп, қаріп саны 28-ге жетеді, бұған қосымша 3 белгіні қосқанда, әліпбидегі таңбалардың жалпы саны 31-ге жетті.

Байтұрсынұлы әліпбиі – қазақ тіліндегі жуан дауыстылар мен жуан дауыссыздарды, дыбыстардың негізгі реңкін таңбалайтын фонемалық әліпби, сондай-ақ дыбыстардың жіңішке реңкі дәйекші жүйесі арқылы таңбаланатын сингармонологиялық және математикалық әліпби. «Фонема» ұғымын Байтұрсынұлы сол заманның өзінде жақсы білгені анық. Бірақ қарапайым оқушыларға күрделі ғылыми ұғымның нәтижесін ғана беріп отыр. Бұған Қ. Тыныстановтың 1934 жылы жазған «Қырғыз жаңа әдеби тілінің емле жобасы» еңбегінде: «Әдеби тілде 37 фонема қолданылады да, бұлардың ішінде 31 фонема айырым таңбалармен белгіленеді, қалған 6 үнді (*дауысты* – *Е.М.*) фонема емледе қос таңбалармен (*диграф* – *Е.М.*) белгіленіп, олардың суреттері әліппенің қатар тәртібінде көрсетілмейді», – деген пікірі де дәйек бола алады (Тыныстанов, 1934:26). Мұнда Байтұрсынұлының әліпби жүйесімен, фонетика теориясымен жете таныс Қ. Тыныстанов дыбыстардың жуан нұсқасына, яғни негізгі реңкіне ғана қаріп арналатынын жақсы біліп, оны қырғыз әліпбиін жасау тәжірибесінде қолданып отыр.

Қырғыздардың Байтұрсынұлы әліпбиіндегі дәйекші жүйесін қолдануы осымен байланысты. Бір ғана дәйекші «Байтұрсынұлы әліпбиінде» 19 дыбыс қарпін, сол дыбыстардың сөз шеніне қарай 2-4 тұрпатта өзгеретін жалпы 66 таңбасын үнемдейді. «↔» дәйекші «хамза» атауымен араб әліпбиінде бұрыннан болғанымен, оның «дәйекші» аталуы және Байтұрсынұлы әліпбиіндегі қызметі – ғалымның өзіне ғана тән, араб-рафикалы түркі әліпбилерінің ешбірінде жоқ ұлы тапқырлығы. Міне осы ұлы тапқырлықты бауырлас қырғыз халқы да қабылдап, Байтұр-

Реті	1912~1922 жылдардағы Байтұрсынұлы әліпбиі				1924 жылға дейінгі Қырғыз әліпбиі				
	Жеке	Сөз басы	Сөз ортасы	Сөз аяғы	Жеке	Сөз басы	Сөз ортасы	Сөз аяғы	
1	آ	آ	–	ا	ا	ا	–	ا	А
2	ب	ب	ب	مب	ب	ب	ب	مب	Б
3	پ	پ	پ	مپ	پ	پ	پ	مپ	П
4	ت	ت	ت	مت	ت	ت	ت	مت	Т
5	چ	چ	چ	مچ	چ	چ	چ	مچ	Ж
6	د	د	–	د	د	د	–	د	Д
7	ر	ر	–	ر	ر	ر	–	ر	Р
8	ز	ز	–	ز	ز	ز	–	ز	З
9	س	س	س	سس	س	س	س	سس	С
10	ش	ش	ش	مش	ش	ش	ش	مش	Ш
11	غ	غ	غ	مغ	غ	غ	غ	مغ	Ғ
12	ق	ق	ق	مق	ق	ق	ق	مق	Қ
13	ك	ك	ك	مك	ك	ك	ك	مك	К
14	گ	گ	گ	مگ	گ	گ	گ	مگ	Г
15	ك	ك	ك	مك	ك	ك	ك	مك	Ң
16	ل	ل	ل	مل	ل	ل	ل	مل	Л
17	م	م	م	مم	م	م	م	مم	М
18	ن	ن	ن	من	ن	ن	ن	من	Н
19	و	و	–	و	و	و	–	و	О
20	ۋ	ۋ	–	ۋ	ۋ	ۋ	–	ۋ	Ұ
21	ۋ	ۋ	–	ۋ	ۋ	ۋ	–	ۋ	У
22	ه	پ	–	ه	ه	پ	–	ه	Е
23	ى	د	د	مى	ى	د	د	مى	Ы
24	ى	د	د	مى	ى	د	د	مى	Й
25	ش	ش	ش	مش	چ	چ	چ	مچ	Ч
26	ح	ح	ح	مح	ح	ح	ح	مح	Х
27	ف	ف	غ	مف	ف	ف	غ	مف	Ф
28	ه	ه	ه	مه	ه	ه	ه	مه	Һ
Белгілер									
1	ا	Сүйеу таяқ			ا				
2	ء	Дәйекші			ء	Қыбачы			
3	~	Мәт белгі			~				
Жіңішке дауыссыздар									
1912~1922 жылдардағы Байтұрсынұлы әліпбиі					Қырғыз әліпбиі				
1	ا	ا	–	ا	ا	ا	–	ا	Ә
2	ۋ	ۋ	–	ۋ	ۋ	ۋ	–	ۋ	Ө
3	ۋ	ۋ	–	ۋ	ۋ	ۋ	–	ۋ	Ү
4	ئ	ئ	ئ	ئ	ئ	ئ	ئ	ئ	І

1-сурет – Қазақ және қырғыз әліпбилері

сынұлы әліпбиін қырғыз жазба тіліне енгізеді. Қырғыздардың Байтұрсынұлы әліпбиін қолдануы бауырлас екі халықтың тілдік жүйесінің жақындығы және қазақ тілі сияқты, ғасырлар бойы ауызша дамығандықтан, сингармонизм заңының күшті болуынан да болса керек.

Қ. Тыныстановтың «Оқу кітабында» қазақ әліпбиіндегі 22 қаріппен қатар, қырғыз тіліне тән [ч] дыбысының «җ» таңбасы, жалпы 23 қаріп кездеседі, бұған «ә», «~», «!» 3 белгіні қосқанда, «Оқу кітабында» 26 таңба қолданылған. Қазақ әліпбиіндегі сияқты, [ы], [ү] дыбыстарының таңбасымен ортақ таңбаланатын, өз алдына таңбасы жоқ [й] мен [у] дыбыстарын қоса алғанда, 1924 жылға дейін қырғыз тіліндегі төл дыбыстың саны 25 болғанына көз жеткіземіз. Бұл А. Байтұрсынұлы анықтаған қазақ тілінің төл 24 дыбысымен негізінен бірдей. Бұған дәйекші жүйесі арқылы таңбаланған дауысты [а], [о], [ы], [ү] дыбыстарының [ә], [ө], [і], [ү] жіңішке нұсқаларын қосқанда, қырғыз тілінің төл дыбыс құрамы 29 болып шығады. Қазақ тілінен жалғыз [ч] дыбысымен ерекшеленіп, бір ғана дыбысқа көбейіп тұр.

Қазіргі қырғыз әліпбиінде 36 қаріп бар, бұл қырғыз тіліндегі 39 дыбысты таңбалау үшін қолданылады, [к], [ғ], [і] дыбыстарының жеке таңбасы жоқ, олар «к», «ғ», «и» қаріптері арқылы ережемен жазылады. Қ. Тыныстановтың «Оқу кітабында» қазіргі қырғыз әліпбиіндегі [ф], [х], [ц], [щ], [в], [э], [я], [ю], [ё], [и] кірме дыбыстар мен [ь] [ь] белгілері жоқ. Бұлардың XX ғасыр басында әліпбиден көрініс таба алмайтыны да анық. Қазіргі қырғыз әліпбиінен орыс тілі дыбыстарына арналған бұл 12 таңбаны алып тастағанда, 24 таңба қалатыны түсінікті. Оған Қ. Тыныстановтың «Оқу кітабында» дербес таңба арналған, бірақ қазіргі қырғыз әліпбиінде өз алдына қаріп жоқ [қ], [ғ] дыбыстары мен дәйекші арқылы берілген [ә], [і] дыбыстарын және қазіргі әліпбиде мүлде жоқ [ү] дыбысының таңбасын қоссақ, 29 қаріп, 29 дыбыс болады. Қ. Тыныстанов еңбегінде қолданылған қырғыз тілінің төл дыбыстары мен таңбаларының саны осымен толық болады.

Айрықша айта кететіні, осы 25 (29) дыбыс Байтұрсынұлы түзеткен қаріптер арқылы қазақ тілімен бірдей таңбаланған. Атап айтқанда, дауыссыздар дауыстылардың ырқына бағындырылып, жуан-жіңішке үндесім жүйесіндегі тек жуан нұсқалар ғана таңбаланып, жіңішке нұсқасы (жіңішке дауыстылар мен дауыссыздардың жіңішкерген реңкі) дәйекші арқылы берілген.

Дегенмен, екі әліпбидің тек бір-екі қаріптерінің дыбыстық мәнінде ғана өзгешелік бар. Ол:

Бірінші, Байтұрсынұлы 1924 жылға дейін қазақ жазу жүйесін түркі халықтарынан тым алыстатып алмау үшін, түркі тілдерінің көпшілігінде бар [ч] дыбысының «җ» қаріпін қазақ тіліндегі [ш] дыбысын таңбалау үшін қолданады. Тек 1924 жыл Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде ғана Н. Төреқұловтың ұсынысымен қазақ тіліндегі [ш] дыбысы «ش» қарімімен таңбалау шешімі қабылданып, [ч] дыбысы сияқты оқылып кететін «җ» қаріпін қазақ әліпбиінен шығарылады. Қырғыз тілінде [ш], [ч] дыбыстарының екеуі де болғандықтан, [ч] дыбысын әуелгісінше «җ» қарімімен, ал қазақ-қырғызға ортақ [ш] дыбысын «ش» қарімімен таңбалайды. Бұл Байтұрсынұлы әліпбиінің екі тілде қолданылуындағы жалғыз ерекшелік. Одан өзге қаріптердің дыбыстық мәні, қолданылу ерекшелігі бірдей деуге болады.

Екіншісі, қазіргі қырғыз әліпбиінде кездеспейтін [ү] дыбысы «ۇ» қаріпін арқылы таңбаланып, оның қазіргі қырғыз әліпбиіндегі жіңішке [ү] нұсқасы дәйекші арқылы берілген. Бұл дыбыстың Байтұрсынұлы әліпбиімен таңбалану жүйесі қазақ тілінде де күрделі.

Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы «Айқап» журналында жариялаған «Жазу тәртібі» атты мақаласында және «Баяншы» еңбегінде қазақ тіліндегі [ү] және [у] дыбыстарын таңбалау үшін ортақ бір ғана «ۇ» қаріпін арнайды. Ғалым араб әліпбиіндегі үш дауыстының бірі – жарты дауысты [у] дыбысының мәнін беретін «ۇ» (уау) қаріпінің төбесіне үтір (диакритикалық) қою арқылы осы «ۇ» қаріпін жасаған және оны [ү] дыбысының мәнін таңбалау үшін алғаш қолданады. «ۇ» қаріпін және оның [ү] дыбысын таңбалауы бұған дейінгі қазақ, татар басылымдарының ешбірінде кездеспейді. Аталған таңбаның Қ. Тыныстанов еңбегінде қолданылуы – қырғыз бауырлардың Байтұрсынұлы әліпбиін қолданғанының тағы бір анық белгісі. Оның қолданылу ерекшелігі де қазақ әліпбиімен бірдей. Яғни «ۇ» қаріпін [ү/ү], [у] дыбыстарының мәнін береді және «ۇу» болып екі рет қатар жазылса, [үу/үу] дыбыс тіркесін таңбадайды.

Қазіргі қырғыз әліпбиінде [ү] дыбысы және оның таңбасы жоқ. Қазақтың оқу [оқуу/оқыу] сөзі қырғыз тілінде «оқуу» (оқуучулардың) болып жазылады. Бұл жазу дағдысы Байтұрсынұлының: ««ү» дыбысы ұзын естілсе, екі «ۇу» [үу] таңбасы қатар жазылады» деген ережесін Қ. Тыныстанов енгізгеннен кейінгі қалған қалдығы

болуы мүмкін. Мұнда «**قۇ**» Тыныстановтың «Оқу кітабында» [уу] мәнінде қолданылғанымен, қазіргі қырғыз жазуында екі түрлі дыбыс емес, [уу] түрінде – бір дыбыстың созылыңқы айтылуы ретінде таңбалады. XX ғасыр басындағы ережеде ұзын естілетін [уу] тіркесінің «**قۇ**» түрінде бір таңбамен екі рет берілуі кейінгі жылдардағы емле ережеде бір дыбыстың созылыңқылығы ретінде қабылданып, дағдыға еніп кеткен болуы мүмкін.

XX ғасыр басындағы қырғыз әліпбиінде [ү] дыбысы болды және ол «**قۇ**» таңбасы арқылы берілді дейтін себебіміз: «Оқу кітабында» осы қаріп тұрған жерге кейде дәйекші «**ء**» (қырғызша – «қыбачы») қойылған. Мысалы, «**قۇنسۇز**» (үнсүз), «**قۇندۇ**» (үндү) т.б. Демек, жіңішке дауысты [ү] дыбысы болған жерде және оған дәйекші арқылы жіңішке оқылуын білдірген жерде оның жуан нұсқасы [у] дауысты дыбысының болуы – заңды. Мәтінде кейде дәйекшісіз жазылған сөздер де кездеседі, мысалы: «**قۇرۇن**» (мүрүн), «**قۇچۇق**» (үчүк) т.б. Олай болса, [ү] дыбысы [у]-мен вариант болмайтыны және [ү] дыбысы сияқты тек жуан айтылып қалмайтыны түсінікті болса керек, [у] дыбысы қазақ тілінде жіңішке дауыстылар бар сөздерде кейде жіңішке де айтылады. Мысалы, *кеуде, сәуір* т.б. Демек, XX ғасыр басында қырғыз әліпбиінде [ү] дыбысы болған, ол [ү] мен [у] дыбыстарының бір ғана «**قۇ**» таңбасымен жазылуына байланысты [у]-ға айналып кеткен болуға тиіс.

Қырғыз зиялыларының «Байтұрсынұлы алфавитін» қабылдауы қаріптермен ғана шектелмейді, тұтас «Байтұрсынұлы емлесін» де қырғыз тілінің жүйесіне үйлестіре қабылдаумен жалғасады. Ендігі кезекте «Оқу кітабының» емле ерекшелігіне тоқталайық.

А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» (1-тілтанитқыш кітап) еңбегінде қаріптердің емлесіне 10 ереже, түбір мен қосымшаның емлесіне 24 ереже арналған, жалпы 34 ереже бар (Байтұрсынұлы, 1914). Бұл ережелердің мазмұны Қ. Тыныстановтың «Оқу кітабында» толық көрініс тапқан.

Айталық, қаріптердің емлесі:

1) Сөз басында [а] дыбысы «**ا**» алфтің үстіне «**~**» мәт белгі қойылып жазылған;

2) Сөз басында дауысты дыбыстардың алдына «**ا**» сүйеу таяқ қойылып жазылған;

3) «**قۇ**» қарпі [ү/ү], «**قۇ**» қарпі [о/ө] дыбыстарын таңбалаған;

4) «**ى**» (ы) қарпі бас буында және барлық бітеу буында жазылмаған, ашық буында толық жазылған. Мысалы, «**برى**», «**باشق**», «**жиын**» т.б. Бұл – 1912-1923 жылдар аралығында қазақ емле-

сінде кең орын алған Байтұрсынұлының «Бітеу буын ережесі»;

5) «**ى**» қарпі [ы/и], [и/й] дыбыстарын таңбалайды;

6) «**ا**» [а], «**ا**» [о], «**قۇ**» [ү], «**ى**» [ы] дыбыстары жіңішке естілетін сөздердің алдына дәйекші «**ء**» қойылған, тек [г], [к], [е] дыбыстары бар сөздерге дәйекші қойылмаған;

7) [Е] дыбысы сөздің бас буынында ғана «**ء**» қарпімен жазылған, басқа буындарда «**ء**», «**ا**» қаріптерімен жазылған;

8) Дауысты дыбыстардың алдындағы [қ] дыбысы [Ғ], [к] дыбысы [г] болып жазылған;

9) Сөз соңындағы [п] дыбысы [б] болып жазылған;

10) Буын жігінде қатаң дыбыстардан кейін келген [т] дыбысы [д] болып жазылған.

Бұлардың бәрі де – «Тіл-құрал» еңбегіндегі қаріптердің жазылуына арналған А.Байтұрсынұлының емле ережесі.

Әрине, қырғыз тілі мен қазақ тілінің ұқсастықтары мен қатар, өзіндік ерекшеліктері де бар, соған сәйкес емле ережелерде де өзгешеліктер болатыны сөзсіз. XX ғасыр басындағы қырғыз тілінің емле ережесі – «Байтұрсынұлы емлесінің» айна-қатесіз көшірмесі емес, керісінше ғалымның емле ережесін қырғыз тілінің ішкі заңдылығына бейімдеп, сәйкестендіріп жасалған жеке емле. XX ғасыр басындағы қырғыз емлесінің Байтұрсынұлы емлесінен ерекшеленетін мынадай тұстары да бар:

1. «**قۇ**» қарпі, «Байтұрсынұлы емлесі» бойынша, [о] дыбысын таңбалайды және сөз басы мен бас буынында ғана жазылады. Ал екінші буынан кейін «**قۇ**» қарпі жазылған жағдайда, бұл [у] болып оқылады. Өйткені қазақ тілінде [о] дыбысы сөз басы мен бас буында ғана кездеседі. Демек, [у] дыбысы сөз шеніне қарай орын талғайтын [о], [ү] дыбыстарының «**قۇ**» және «**قۇ**» – екі қаріп арқылы таңбаланған. Ал Қ.Тыныстановтың «Оқу кітабында» «**قۇ**» қарпі, қазақ тіліндегі сияқты, жуан дауысты [о] дыбысын таңбалайды, бірақ сөздің барлық шенінде жазылады және тек [о] дыбысының мәнін береді. Себебі, [о] дыбысы қырғыз тілінде барлық буында кездеседі, бұл – қырғыз тілінің ерін үндестігімен байланысты ішкі заңдылығы;

2. «Байтұрсынұлы емлесінде» «**قۇ**» қарпі дауыссыздан кейін [ү], дауыстыдан кейін [у] дыбысын таңбаласа, «Оқу кітабында» «**قۇ**» қарпі дауыстыдан кейін де, дауыссыздан кейін де [у] дыбысын таңбалайды.

«Тіл-құралда» (1-тілтанитқыш кітап) түбір мен қосымшаның емлесіне 24 ереже арналған.

Қ.Тыныстановтың «Оқу кітабынан» Байтұрсынұлының түбір мен қосымша ережесінің мазмұнын да көруге болады:

1) Барлық қосымшалар (түбір мен қосымша) түбірге қосылып жазылған. Бұл «Байтұрсынұлы емлесіндегі» 19 жұрнақтың түбірге үндесім варианттарымен қосып жазылуына арналған 19 ережемен және түбір сөздің жазылуына арналған 3 ережемен байланысты;

Түбір мен қосымшаны біріктіру және оларға жеке-жеке лингвистикалық атау беруі – А. Байтұрсынұлының қадім, жәдит жазу жүйесіне жасаған ең үлкен өзгерістерінің бірі.

2) Қос сөздердің арасына сызықша қойылып жазылған: жалқылауыш қос сөздер бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке буынды болса, біріктіріліп, әрыңғай буынды болса сызықша арқылы жазылған. Мысалы, *беті-баишы, ары-бері, азық-түлк т.б.*

3) Шылаулар мен көмекші сөздер түбірден бөлек жазылған;

4) Жалғаулар мен жұрнақтар түбір сөздің соңғы дыбысына, түбірдің буын тұрпатына қарай үндесіп жалғанған. Бұл Байтұрсынұлының жұрнақтардың жазылуына арнаған 19 ережесін тұтас қамтиды.


Қырғыз тілінде қазақ тіліндегідей қосымшалардың дыбыстық үндесім варианттарымен қатар, еріндік үндесім варианттары да бар. Байтұрсынұлының дыбыстық үндесім ережесін қабылдаумен қатар, дамытып ерін үндестік ережесін тудыруы, жасауы – ХХ ғасыр басындағы қырғыз емлесінің өзіне тән жаңалығы, ерекшелігі деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық емле жасаудағы ең басты ұстанымы, ұлттық жазу теориясының тірегі – сөздер мен қосымшалардың жазылуы халық тілін өзек етуі, халық тілінше естілуінше жазылуы еді. Емледегі осы ұлы заңы арқылы А.Байтұрсынұлы қырғыз жазуының да халық тілінен алыстамай, ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің ішкі заңдылығын жоғалтпай, таза сақталуына ықпал етті. «Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің» шынайы мазмұны, міне – осы. Бұл дәлелдер «Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің» Қ.Тыныстанов есімімен байланысты қырғыз тіл біліміндегі өрісін айқындай түседі.


«Оқу кітабынан» кейінгі Байтұрсынұлы әліпбиімен немесе арабграфикалы қырғыз әліпбиімен жарық көрген Қ. Тыныстановтың келесі бір еңбек – «Оқу-жазу біл» деп аталады. Еңбек 1927 жылы Мәскеуде жарық көрген. Бұл – қолымыздағы бірден-бір толыққанды қырғыз әліпбиі.

Әліпби екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімінде қырғыз тіліндегі дыбыстар және олардың қаріптері түрлі суреттер арқылы балалардың үйренуіне ыңғайлы етіліп, дыбыстық әдіспен түзілген; екінші бөлігі «Әліппеден кейінгі бөлімдер» деп аталып, түрлі маңызды ақпараттар, өлеңдер, танымдық материалдар берілген.

«Оқу-жазу біл» әліппесіндегі қырғыз алфавиті төмендегідей:



2-сурет – Қ. Тыныстановтың «Оқу-жазу біл» еңбегіндегі қырғыз әліпбиі (1927 ж.)



3-сурет – А. Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі (1925-1928)

«Оқу-жазу біл» еңбегінен Байтұрсынұлы әліпбиі мен емлесін іздеу үшін мынадай бірнеше мәселелерге жіті назар аудару тиіс:

1) Әліпби құрамын, алфавит тәртібін, таңбалардың дыбыстық мәнін, қаріптердің сәйкестігін салыстыру;

2) Әліпби түзу әдістемесін, әліппенің құрылымын қарастыру;

«Оқу-жазу біл» еңбегіндегі қырғыз әліпбиі мен 1925-1927 жылдардағы Байтұрсынұлы әліпбиінің («Қазақ әліпбиінің») салыстырмасы төмендегідей:

Реті	1925~1928 жылдардағы Байтұрсынұлы әліпбиі				1927 жылғы Қ.Тыныстанов әліпбиі				
	Жеке	Сөз басы	Сөз ортасы	Сөз аяғы	Жеке	Сөз басы	Сөз ортасы	Сөз аяғы	
1	آ	آ	-	آ	ا	ا	-	ا	А
2	ب	ب	ب	با	ب	ب	ب	با	Б
3	پ	پ	پ	پا	پ	پ	پ	پا	П
4	ت	ت	ت	تا	ت	ت	ت	تا	Т
5	ج	ج	ج	جا	ج	ج	ج	جا	Ж
6	د	د	-	د	د	د	-	د	Д
7	ر	ر	-	ر	ر	ر	-	ر	Р
8	ز	ز	-	ز	ز	ز	-	ز	З
9	س	س	س	سا	س	س	س	سا	С
10	ش	ش	ش	شا	ش	ش	ش	شا	Ш
11					چ	چ	چ	چ	Ч
12	ع	ع	ع	عا	ع	ع	ع	عا	Ғ
13	ق	ق	ق	قا	ق	ق	ق	قا	Қ
14	ك	ك	ك	كا	ك	ك	ك	كا	К
15	گ	گ	گ	گا	گ	گ	گ	گا	Г
16	ڭ	ڭ	ڭ	ڭا	ڭ	ڭ	ڭ	ڭا	Ң
17	ل	ل	ل	لا	ل	ل	ل	لا	Л
18	م	م	م	ما	م	م	م	ما	М
19	ن	ن	ن	نا	ن	ن	ن	نا	Н
20	و	و	-	و	و	و	-	و	О
21	ۇ	ۇ	-	ۇ	ۇ	ۇ	-	ۇ	Ұ
22	ۋ	ۋ	-	ۋ					У
23	ه	ه	-	ه	ه	ه	-	ه	Е
24	ى	ى	ى	يا	ى	ى	ى	يا	Ы
25	ي	ي	ي	يا	ي	ي	ي	يا	Й
Белгілер									
1	ء	Дәйекші			ء	Қыбачы			

4-сурет – 1925-1928 жылдардағы қазақ әліпбиі мен қырғыз әліпбиі

Кестеде екі әліпбидегі таңбалық өзгешеліктер жасыл түспен боялып берілген. Ал қазақ әліпбиінің атауы «А. Байтұрсынұлының 1925-1928 жылдардағы әліпбиі» деп берілуінің өзіндік себебі бар. 1924 жылы Орынборда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі өтті. Бұған қазақ зиялыларымен қатар, Түркістан қырғыздары атынан қырғыз қайраткері Ишанғали Арабаев та

қатысты. Аталған Съезде қазақ әліпбиі 3-рет түзетіліп, қадім, жәдит жазуларының элементтері толық тазартылды, 24 таңба, бір белгі (дәйекші), жалпы 25 таңбадан тұратын ұлттық әліпби қалыптасты. Нақтырақ айтқанда, Съезде Байтұрсынұлы әліпбиіне төмендегідей түзетулер енді:

1. Сүйеу таяқ «!» әліпбиден шығарылды;
2. Мәт белгі «~» әліпбиден шығарылды;

3. 1923 жылы Білім кеңесі қазақ әліпбиіне енгізген арабтың [ф], [h], [ч], [x] дыбыстары (және қаріптері) қайта шығарылды;

4. [Ғ] дыбысының «Ғ» таңбасындағы нүкте алынып, «Ғ» түрінде қабылданды;

Екі кестедегі әліпби құрамын салыстырып қарасақ, Қ.Тыныстановтың 1927 жылғы қырғыз әліпбиінен де жоғарыдағы 4 түрлі өзгерістерді көруге болады. Демек, 1924 жылы Орынборда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің қаулысын қырғыз зиялылары да қабылдаған.

Бұдан бір жыл бұрын, 1923 жылы Қаз АКСР Оқу комиссариаты жанындағы А. Байтұрсынұлы төрағалық еткен Білім кеңесі қазақ әліпбиі мен емлесіне толықтырулар енгізіп, Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегіндегі қазақ емлесіне қосымша, 13 баптан тұратын жаңа емле ереже қабылдаған. Ережеде әліпби құрамына мынадай түзетулер енгізілді:

1. 1912-1922 жылдар аралығында сөз басында «ү» қарпімен таңбаланатын [e] дыбысының таңбасы «» қарпіне өзгертілді;

2. 1912-1922 жылдарда ортақ «у» және «з» қаріптерімен жазылып келген [ы/і], [и/й] және [ү/ұ] [у] дыбыстарына жеке-жеке таңба арналып, [и/й] – «и», [у] – «з» қаріптерімен таңбаланды, т.б.

Зер салып қарасақ, Қасым Тыныстановтың 1927 жылғы әліпбиінен де бұл өзгерістерді көруге болады. 1924 жылы жарық көрген «Оқу кітабының» алғы сөзінде «Жаңа емлемен басылуға үлгермеді» деп ескертуде айтып отырған «жаңа емле» осы 1923 жылғы Білім кеңесі қабылдаған жаңа емле ережелер негізінде дайындалған қырғыз емлесі болуға тиіс. Бұл тұста айта кетуіміз тиіс, [и/й], [у] дыбыстарының қырғыз әліпбиіндегі таңбалануында аздаған өзгешеліктер бар. Бұл туралы алды кеңірек тоқталамыз.

Байтұрсынұлының 1925-1928 жылдардағы ұлттық әліпбиінен 1927 жылғы Қ. Тыныстановтың қырғыз әліпбиінің өзгешеліктері де жоқ емес. Бұл өзгешеліктер мыналар:

1. 1924 жылғы Съезде Қазақ әліпбиінен шығарылған [ч] дыбысы және оның «ч» қарпі қырғыз әліпбиінде сақталған;

2. Қазақ әліпбиінде «и» (сөз басы мен ортасында – «и», «и») таңбасымен берілетін [и/й] дыбысы қырғыз әліпбиінде сөз басы мен сөз ортасында – «и», «и», сөз аяғында «и»¹ қарпімен жазылған;

¹ Мұны тігінен қойылған екі нүкте деп түсіну керек. Кеңейтілген таңбалар жүйесінде бұл таңба болмағандықтан, осылай берілді.

3. 1923 жылы Білім кеңесі шығарған «Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелерде» [ү/ұ], – «з», [у] – «з» болып бөлек таңбамен берілсе, қырғыз әліпбиінде [ү], [ұ], [у] дыбыстары бір ғана «з» таңбасымен берілген.

Тыныстанов әліпбиінің аталған өзгешеліктерден өзге тұстары Байтұрсынұлының 1925-1928 жылдардағы қазақ әліпбиімен бірдей.

Ендігі кезекте аталған өзгешеліктердің себебі мен ұсынылатын дәйектерге тоқталайық:

Бірінші, [ч] – қырғыз тілінің төл дыбысы, оның таңбасы қай кезеңде де әліпбиде қалуы заңды;

Екінші, 1912-1922 жылдардағы Байтұрсынұлының «өтпелі кезең әліпбиінде» [ы/і] және [и/й] дыбыстары (сөз басы мен ортасында екі нүктелі – «и», «и», сөз аяғы мен жеке тұрғанда «и», «и» қаріптерімен) таңбаланған. Бұл таңбалар қолданыла келе, дағдыға айналғандықтан, 1923 жылғы реформадан кейін де қырғыз әліпбиінде [ы/і] дыбысының таңбасы ретінде өзгеріссіз қалады да, [и/й] дыбысын, «бір дыбыс-бір таңба» ұстанымы бойынша², дәл осы таңбаның астына екі нүкте тігінен қойылып, сөз басында «и», сөз ортасында «и», сөз аяғында «и», жеке тұрғанда «и»³ қаріптерімен таңбалаған.

1923 жылғы қабылданған қазақ тілінің жаңа емле ережесінде [ы/і] дыбысы бұрынғы «и», «и» қарпінің астындағы екі нүкте алынып, бірыңғай нүктесіз «и», «и», «и», «и» қаріптерімен таңбаланған. Қырғыздардың бұл өзгерістерді енгізуі ортақ түркілік жазу жүйесінен алыс кетпеу және бұған дейінгі жазу дағдысын бұзбау себебінен болса керек. Өйткені жәдит жазуында және Байтұрсынұлының 1912-1922 жылдардағы емлесіне сәйкес, сөз басы мен ортасында екі нүктелі «и» таңбасы бірнеше дыбыстардың ортақ таңбасы ретінде қолданылған. Қырғыз емлесілері осыдан бас тартпаған. Сондықтан осы таңбамен шатаспауы үшін [и/й] дыбысы астына екі нүкте қойып «и» қарпімен таңбалаған.

Үшінші, «з» қарпі қырғыз әліпбиінде барлық кезеңде Байтұрсынұлының 1912 жылғы реформасы кезіндегі таңдаған таңбасы өзгеріссіз сақталып отырған. Бұл туралы жоғарыда да дәйектер ұсындық, мұнда оны қайталап жатпастан, бұл туралы айтылмаған дәйектер келтірейік.

² Мұны А. Байтұрсынұлы «Дыбыс басына жеке-жеке таңба арнау» деп береді.

³ Мұны тігінен қойылған екі нүкте деп түсіну керек. Кеңейтілген таңбалар жүйесінде бұл таңба болмағандықтан, осылай берілді.

нұлының тұжырымдарына өзіндік уәж айта отырып, латын әліпбиіне көшуді қолдайтынын жариялады. Ғалым араб әліпбиінің (Байтұрсынұлы әліпбиінің) қаріптері тұтас сөзбен жазылып, тез оқылады, жылдам жазылады деген мәселелерге қарсы өз уәжін айта келіп, араб әріптерінің тістері, нүктелерінің көптігін кемшілік ретінде көрсетеді. Қорытындылай келе, латын әліпбиін ұрпақтың, халықтың он жылдығын емес, жүз жылдығын ойлап, болашаққа алдын-ала қам қылу үшін қабылдау керектігін айтады (Тыныстанов, 1926: 291-293).

Қ. Тыныстановтың, жалпы қырғыз зиялыларының Байтұрсынұлы әліпбиі мен емлесін қабылдағанына қарамастан, латын әліпбиіне көшуді жақтауын принципті мәселе ретінде себебіне дұрыс баға беру қажет. Біздіңше мұның себебі – ХХ ғасыр басы тұрғысынан алғанда, қырғыз руханиятында жоғалтатын көп ештеңе жоқ еді, оған қоса, өздері қабылдаған Байтұрсынұлы әліпбиі де төл әліпбиі емес еді. Сондықтан қай әліпбиді таңдаса да, олар үшін залалынан тиімділігі көп, әсіресе латын әліпбиі оңтайлы болды. Бұл туралы Баку Құрылтайында ғалымның өзі де былай дейді: «По моему прав был тов. Ибрагимов, когда отметил, что киргизы в культурном отношении и во всех других отношениях отсталые и латинский алфавит к ним применим. Мне кажется, мнение большинства должно быть таково» (Тыныстанов, 1926: 292).

Қырғыз автономиясында 1928 жылы қырғыз әліпбиі ресми қолданысқа еніп, 1940 жылға дейін қолданылды. Қ.Тыныстановтың «Ене тілі», «Жаңа ауыл», «Қырғыз әдеби тілі жаңа емлесінің жобасы», «Қырғыз тілінің морфологиясы», «Қырғыз тілінің синтаксисі», «Терминдер» еңбектері осы қырғыз-латын әліпбиімен жарық көрді. Бұл әліпбиге қарасақ та 1928 жылы қабылданған қазақ-латын әліпбиімен негізінен ұқсастығын көруге болады. Бұл, әрине, арабграфиялы Байтұрсынұлы әліпбиі және оның емле ережесімен, 1928 жылдан кейін қолданылған қазақ-латын әліпбиі және оның емле ережесімен салыстыра отырып, арнайы қарастыруды қажет етеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ХХ ғасыр басында түркі халықтарының жазу мәдениетінде үлкен бет-

бұрыс кезеңі басталды. Қоғам өмірінде, адамдар арасындағы тілдік коммуникацияны жүзеге асыруда жазудың қызметі күшейіп, жазбаша мәтіндердің қолданысы артты. Бұл өз кезегінде тарихи кезеңнен бері келе жатқан жазу дәстүріне, әліпби, емле ережелеріне жүйелі түзету енгізуді қажет етті. Осындай тарихи кезеңде араб жазуын қолданатын түркі халықтары арасынан тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жазуын қоғам сұранысы мен қазақ тілінің ішкі табиғатына бейімдеп, ұлттық әліпби жасады. Ғалымның бұл жазу реформасы заман сұранысынан туып, аса қажет кезінде және жоғары ғылыми дайындық деңгейінде жүзеге асқандықтан, ықпалы зор, жүзеге асу қарқыны жылдам болды. Сондықтан ғалымның жазу әліпбиі туралы идеялары, ғылыми тұжырымдары, лингвистикалық бастамалары қазақ тілі мен Қаз АКСР кеңістігінен шығып, өзге түркі елдері мен түркі тілдері кеңістігіне де етек жайды. Бұл ретте тарихи дәуірлерден бері тілі мен дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі етене жақын бауырлас қырғыз еліне Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің ықпалы зор болды. Атап айтқанда: Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған қазақ әліпбиі мен емлесі негізінде арабграфиялы қырғыз әліпбиі мен емлесі қалыптасты. Ахмет Байтұрсынұлының әліпби, емле реформасы қазақ тілін ғана емес, қырғыз тілін де араб-парсы, қадім-жәдит элементтерінен тазартып, қырғыз тілінің төл табиғатын, ауызша дамып қалыптасқан ішкі заңын сақтап қалды. ХХ ғасыр басындағы қырғыз тілінде (әліпбиінде) [ү] дыбысы болған, бірақ [ү] мен [у]-дыбыстары Байтұрсынұлының 1912-1922 жылдардағы өтпелі кезең әліпбиінде бір ғана «з» таңбасымен берілуіне байланысты, қырғыз тілінде де солай қабылданып, екі дыбыстың аражігі ашылмай, бір дыбыс ретінде қалып қойған. Ахмет Байтұрсынұлы мен Қасым Тыныстановтың лингвистикалық мұрасын салыстыра келгенде, Қасым Тыныстановтың Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің өкілі және оның лингвистикалық теориясын қырғыз тіл білімінде кеңейтуші тұлға екені анықталды.

Зерттеуді ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырады (Грант No. AP13068356).

Әдебиеттер

- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық. – Ташкент: Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссариаты, 1918 ж. – 42 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-тілтанымдық кітап, 5-басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекеттік баспасы, 1925 ж. – 39 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-тілтанымдық кітап, 7-басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекеттік баспасы, 1927 ж. – 39 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Дыбыс заңы һәм түрлері. Бірінші тілтанымдық кітап, 3-басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекеттік баспасөз бөлімі, 1923 ж. – 46 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Дыбыс заңы һәм түрлері. Бірінші тілтанымдық кітап, 4-басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекеттік баспасөз бөлімі, 1924 ж. – 46 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық. 1-басылуы – Орынбор: «F.F. Хусайынов ушрқасының парауай матбуғасы», 1914. – 53 б.
- Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі (ҚБТС). – Орынбор: Қазмембас. 1924 ж. – 118 б.
- Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер (ҚЖЕ) // «Еңбекші қазақ» газеті. 1923, №67. – 2 б.
- Маралбек Е. Елдес Омарұлының емле туралы көзқарастары // Л.Гумилев атындағы ЕҰҰ Хабаршы. – 2022. – №3 (140). – Б. 41-56.
- Первый Всесоюзный тюркологический съезд (Стенографический отчет). 26 февраля – 6 марта. – Баку: Общество обследования и изучения Азербайджана, 1926. – 426 с.
- Тойшууұлу Ы., Тыныстановулу Қ. Терминдер (Қоом-экономике терминдері). 1-бөлім. – Фрунзе: Қырғызстан мемлекет баспасы, 1933. – 111 б.
- Тыныстанов Қ. Қасым Тыныстановтың латын әліпбиі туралы пікірі // Бүкілодақтық 1-түркологиялық құрылтай (Стенографиялық есеп). 26 ақпан – 6 наурыз. – Баку: Общество обследования и изучения Азербайджана, 1926. – Б. 291-293.
- Тыныстанов Қ. Қырғыз тілінің морфологиясы. Бесінші жана алтыншы жыл ушун тіл сабақтары. – Фрунзе: Қырмембас, 1934. – 82 б.
- Тыныстанов Қ. Қырғыз тілінің синтаксисі. 6, 7, 8-жылдар үшін тіл сабақтары. – Фрунзе: Қырмембас, 1936. – 138 б.
- Тыныстанов Қ. Қырғыздың адабий тілінің жаңы імласының долбору. – Фрунзе: Қырмембас, 1934 ж. – 44 б.
- Тыныстановулу Қ. Оқуу-жазуу біл. – Мас-куу (Мәскеу): Кенеш сайозундағы елдердің бор-бор басмасы, 1927. – 48 б.
- Тыныстановулу Қ. Оқуу кітебі (қырғыз тілінде). Бірінші басқыш мектептер үшін -кітеб. – Тәшкен: Орто Азия басмасөз таратуу мекемесі, 1924 ж. – 92 б.
- Тыныстановулу Қ. Ене тілібіз (қырғыз тіліндегі тыбыстарды жана сөз бүтүштөрүн таанымдық кітеб). Жаңа тамғаменен бірінші басылышы. – Фрунзе: Қырғызстан мемлекет басмасы, 1928. – 57 б.
- Тыныстановулу Қ. Ене тілібіз (қырғыз тіліндегі тыбыстарды жана сөз бүтүштөрүн таанымдық кітеб). Жаңа тамғаменен екінші басылышы. – Фрунзе: Қырғызстан мемлекет басмасы, 1928. – 55 б.
- Тыныстановулу Қ. Жаңы ауыл. 1-басқыш мектептердің 1-бөлімдөрү үшін арналған оқуу кітебі / Бастырған жаңа алыб-бее кемітеті. Бірінші басылышы. – Фрунзе: Қырғызстан мемлекет басмасы, 1929. – 74 б.

References

- Baitursynuly, A. (1914.) Til-qural [Language-tool]. Qazaq tilinin sarfy [Sarf of the Kazakh language]. Orynbor. G.G. Husaiynov ushrkasynyn parauai matbugasy. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (1918). Til-qural [Language-tool]. Qazaq tilinin sarfy [Sarf of the Kazakh language]. Tashkent. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (1923). Til-qural [Language-tool]. Dybys zangy ham turleri [The law of sound and types]. Orynbor. Qazaqstan memleket baspasoz bolimi. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (1924a). Til-qural [Language-tool]. Dybys zangy ham turleri [The law of sound and types]. Orynbor. Qazaqstan memleket baspasoz bolimi. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (1924b). Til-qural [Language-tool]. Dybys zhuiesi men turleri [Sound system and types]. Orynbor. Qazaqstan memleket baspasy. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (1924s). Til-qural [Language-tool]. Dybys zhuiesi men turleri [Sound system and types]. Orynbor. Qazaqstan memleket baspasy. P. 39. (in Kazakh)
- Maralbek, E. (2022). Eldes Omarulynyn emle turaly kozqarastary [Eldes Omaruly's views on spelling]. L.Gumilev atyndagy EUU Habarshy. Vol. 3 (140), P. 41-56. (in Kazakh)
- Tynystanov, Q. (1926). Pervyi Vsesoiuznyi turkologicheski sezd (Stengoraficheski ochet). 26 fevral – 6 mart [First All-Union Turkological Congress (Shorthand report). February 26 – March 6] Baku. Obshestvo obsledovania i izuchenia Azerbaizhana. (In Russian)
- Qazaq bilimpazdarynyn tungysh siezi (QBTS). (1924). [The first congress of Kazakh educators]. Orynbor. Qazmembas. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. Omaruly E. (1923). Qazaqsha zhazu taqyrypty zhana erezheler [New rules for the topic of writing in Kazakh] (QZHE). Enbekshi qazaq gazetii [“Enbekshi Kazakh” newspaper]. Vol. 67, P. 2. (in Kazakh)

Toishuuulu, Y., Tynystanuulu, Q. (1933). Terminder (Qoom-ekenomike terminderi) [Terms (Kom-economy terminals)]. Frunze. Qyrgyzstan memleket basmasy. (in Kyrgyz)

Tynystanov, Q. (1926). Qasym Tynystanovtyn latyn alipbii turaly pikiri [Kasym Tynystanov's opinion about the Latin alphabet]. Bukilodaqtyq 1-turkologialyq quryltai (Stenografialyq esep) 26 aqpan – 6 nauryz [All-union 1st turkological kurultai (shorthand report). February 26 – March 6]. Baku. Obshestvo obsledovaniya i izucheniya Azerbaizhana. P. 291-293. (in Kyrgyz)

Tynystanov, Q. (1934). Qyrgyz tilinin morfologiasy. Besinshi zhana altynshy zhyl ushun til sabaqtary [Morphology of the Kyrgyz language. Fifth Zhana sixth year ushun language lessons]. Frunze. Qyrmembas. (in Kyrgyz)

Tynystanov, Q. (1936). Qyrgyz tilinin sintaksisi [Syntax of the Kyrgyz language]. Frunze. Qyrmembas. (in Kyrgyz)

Tynystanov, Q. (1934). Qyrgyzdyn adabii tilinin zhany imlasynyn dolboru [The project of the new spelling of the Kyrgyz literary language]. Frunze. Qyrmembas. (in Kyrgyz)

Tynystanuulu, Q. (1924). Oquu kitebi (qyrgyz tilinde) [Educational tool (in Kyrgyz language)]. Tashken. Orto Azia basmasoz taratuu mekemesi. (in Kyrgyz)

Tynystanuulu, Q. (1927). Oquu-zhazuu bil [Learn to read and write]. Mas-kuu (Maskeu): Kenesh saiozundagy elderdin bor-bor basmasy. (in Kyrgyz)

Tynystanuulu, Q. (1928). Ene tilibiz [Native language] (qyrgyz tilindegi tybystardy zhana soz butushtoron taanytqysh kiteb). Zhana tamgamenen birinshi basylyshy. Frunze: Qyrgyzystan memleket basmasy. (in Kyrgyz)

Tynystanuulu, Q. (1928). Ene tilibiz [Native language] (qyrgyz tilindegi tybystardy zhana soz butushtoron taanytqysh kiteb). Zhana tamgamenen ekinshi basylyshy. Frunze: Qyrgyzystan memleket basmasy. (in Kyrgyz)

Tynystanuulu, Q. (1929). Zhany auyl [New village]. 1-basqysh mektepterdin 1-bolumdoru ushun arналган oquu kitebi. Bastyrgan zhana alyb-bee kemiiteti. Birinshi basylyshy. Prunza: Qyrgyzystan memleket basmasy. (in Kyrgyz)

Авторлар туралы мәліметтер:

Маралбек Ермұхамет (корреспондент автор) – PhD, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ахметтану бөлімінің меңгерушісі, жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: elahau@mail.ru).

Information about authors:

Maralbek Yermukhamet (corresponding author) – PhD, Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly (Almaty, Kazakhstan, e-mail: elahau@mail.ru).

Келін түсті: 7 сәуір 2024 ж.
Қабылданды: 22 тамыз 2024 ж.